



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 29 қаңтар

2018 жылғы 19 қаңтардан 26 қаңтар аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

26 қаңтардағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 1,1%-ға (324,27-тен) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 320,66 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 19 қаңтардан 26 қаңтар аралығындағы маңызды оқиғалар Еуропа Орталық Банкі мен Жапония Банкінің базалық мөлшерлемені және бағалы қағаздарды сатып алу бағдарламасын бұрынғы деңгейде сақтап қалуы, Марио Драги мен Харухико Куроданың орталық банктердің монетарлық саясатына қатысты баспасөз конференциясы, орталық банктер өкілдері мен мемлекет басшыларының бүкіләлемдік экономикалық форумдағы (Давос, Швейцария) баяндамалары, Еуропалық одақтағы өндіріс белсенділігі жөніндегі экономикалық деректерді жариялау болды. Осы факторлар АҚШ доллары бағамының әлемдік нарықтарда әлсіреуіне әкеліп соқты.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Индонезия рупиясы** бір апта ішінде 13 300 дейгейде саудаланды, валютаның айтарлықтай құбылмалығы байқалған жоқ;
- **Үндістан рупиясы** 0,5%-ға (63,85-тен 63,54-ке дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** инфляцияның өсуін тұрақтандыру және Еркін сауда-саттық туралы Оңтүстік Америка келісімін (НАФТА) қайта қарауға қатысты келіссөздер бойынша талдаушылардың нық сенімдерінің артуы аясында 0,8%-ға (18,64-тен 18,49-ға дейін) нығайды.
- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуі және Moody's рейтингтік агенттігінің елдің тәуелсіз кредиттік рейтингін «тұрақтыдан» «позитивтіге» жақсартуы аясында 0,8%-ға (56,72-ден 56,24-ке дейін) нығайды;
- **Түрік лирасы** Түрік Республикасының Сириядағы әскери қимылдарына қатысты инвесторлардың мазасыздануының басылуы және Borsa Istanbul 100 (BIST 100) қор индексінің

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

өсуі аясында 1,6%-ға (3,81-ден 3,75-ке дейін) нығайды. Қор индексінің қоржынына Стамбул қор биржасында капиталдануы ең жоғары жүз аса ірі компаниялар кіреді;

- **Бразилия реалы** Бразилияның апелляциялық сотының экс-президент Луиса Инасиу Лула да Силваны 2018 жылғы қазандағы мемлекет басшысының сайлауына түсуге жол бермеу туралы шешімінің аясында 1,6%-ға (3,20-дан 3,15-ға) нығайды. Экс-президентті лауазымынан кетіру жемқорлыққа жол беруі және лауазымдық міндеттемелерін асыра пайдаланғанына айыптау бойынша болды;

- **Оңтүстік Африка рэнді** мемлекет басшысы Джейкоб Зуманың сегіз атом реакторы мен электр станцияның құрылысы туралы мәлімдеуін президенттің орынбасары Сирил Рамафосаның Давостағы бүкіләлемдік экономикалық форумда теріске шығаруы аясында 2,8%-ға (12,20-дан 11,86-ға) нығайды. Мемлекет бюджетін атом электр станциясының құрылысына ірі көлемде жұмсау қосымша электр қуатына қажеттіліктің болмауына байланысты мақсатқа сай емес болып саналады.



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz